

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СЕРИЯСЫ**  
1997 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ**  
ИЗДАЕТСЯ С 1997 ГОДА

ISSN 2710-2661

---

**№ 1 (2022)**

**Павлодар**

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайгыров университета**

**Педагогическая серия**  
выходит 4 раза в год

---

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

о постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания  
№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**

публикация материалов в области педагогики,  
психологии и методики преподавания

**Подписной индекс – 76137**

<https://doi.org/10.48081/NIUS7438>

---

**Бас редакторы – главный редактор**

Бурдина Е. И.

*д.п.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Абыкенова Д. Б., *PhD доктор*

Ответственный секретарь

Нургалиева М. Е., *PhD доктор*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Пфейфер Н. Э.,

*д.п.н., профессор*

Жумагаева Е.,

*д.п.н., профессор*

Абибулаева А. Б.

*д.п.н., профессор*

Мирза Н. В.,

*д.п.н., профессор*

Фоминых Н. Ю.,

*д.п.н., профессор (Россия)*

Снопкова Е. И.,

*к.п.н., профессор (Беларусь)*

Кудышева А. А.,

*к.п.н., ассоц. профессор*

Омарова А. Р.,

*технический редактор*

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели  
Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов  
При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

МРНТИ 14.07.05

<https://doi.org/10.48081/VSWR8788>

**\*А. Ж. Куватов<sup>1</sup>, Е. Жұматаева<sup>2</sup>, Е. С. Балтабаев<sup>3</sup>,  
Т. С. Омаров<sup>4</sup>, Е. А. Кистаубаев<sup>5</sup>**

<sup>1,2,3,4,5</sup>Торайғыров университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

## **СТУДЕНТТЕРДІҢ ІШКІ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ**

*Бұл мақалада студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттыру үдерісінде (дене шынықтыру және спорт мамандарына қатысты) әр адамның жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, орталық жүйке жүйесінің жұмысын игеруге назар аударылатындығы қарастырылады.*

*Жеке мүмкіндік диагностикамен анықталып, ойлау қызметі – «дене-тән» нысанын игеру үдерісінде қайрат-жігер туғызуға қозғаушы күші деп, ғалымдар бұл тұжырымды жан-жақты қарастырып, феноменді тұрғыда зерттеу жүргізгені – бұл жұмыстың басымдығы. Ғалымдардың танымдық деңгейдің жоғарыға бағдар жасай алуы – сол тұлғаның адамға тән бейнелі және коммуникативті сигналдық тәсілдерінің ұдайы даму динамикасына бағынышты екенің дәлелдегені дене тәрбиесіне тікелей қатыстылығына түйіндеме жасалды.*

*Тағылым таным студенттердің дене шынықтыру сабағында тағылымдық-қисындық нысаналардың іс-әрекетке қандай құбылысқа, көрініске, үдеріске қатысты дегенге жауап беріп, олардың теориялық тұрғыда тани алатын дәрежеге жете алатыны аңғарылды.*

*Зерттеу барысында «онтология», «аксиология», «гносеология» ұғымдары дене шынықтыру пәнінде қолданылуы жайлы зерттеу еңбегінің тапшылығы аңғарылды.*

*Студенттердің (дене шынықтыру және спорт мамандарына қатысты) ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың педагогикалық шарттары мен анықталған эксперименттің нәтижелері ұсынылған.*

*Кілтті сөздер: «студент», «ішкі интеллектуалды әлеует», «интеллект», «білім беру», «ұлттық код», «тән», «рух», «жан».*

*«Құр қайратқа сенген адамның  
жсалыны кетер дененің».*

*Абай*

## **Кіріспе**

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің халыққа Жолдауында: «Өскелең ұрпақтың спорттық және шығармашылық әлеуетіне аса назар аудару қажет» деп ерекше атап өтті... «Балалар үшін қатерлі бүгінгідей аумалы-төкпелі заманда олардың күш-жігері мен қызығушылығын дұрыс арнаға бағыттау аса маңызды. Балалар мемлекетіміздің болашағы емес пе?!» – деп, спорттың адам өміріне тигізер пайдасының зор екендігіне мән береді [1].

Өскелең ұрпақтың бірі біздің еліміздің студенттері де саналады. «Студент» сөзі латын тілінен шыққан, қазақ тіліне аударғанда «ынтамен жұмыс істеуші, іспен айналысушы», яғни білімді игеруші деген мағынаны білдіреді [2].

Дене шынықтыру сабағының өзінде балабақшадан бастап студенттік кезеңге дейінгі трансформацияланған ішкі білімге негізделген күш-қуат өркендеуі – өмір талабы. Өкінішке орай, дене шынықтыру және спорт нысандарында бірден студенттерді жаттығулар жасауға бағдарлау сан жылдар дағдыға айналып, бүгінгі күнге дейін дәстүрлі оқыту жүйесіне айналды. Модернизация кеңістігінде аталған таптаурын болған дәстүрлі оқыту студенттердің жеке мүмкіндіктерін ескеруге бағдар жасамайды.

Салдарынан топпен жұмыс жүргізу дене шынықтыру мен спорт пәндерінде әрбір индивидтің өз мүмкіндігін түйсінуіне, «қолымнан не келеді?» деген өз-өзіне салмақты сауал қоймауына жол ашады. Студент өз-өзіне осындай көкейкесті сұрақ қоймай, мамандыққа ие болса, онда ол студенттен ешқандай өз-өзін, өзінің тәнін билейтіндей дәрежеге жете алмайтынын біздер бірқатар зерттеушілердің еңбектерін талдау барысында байқадық [3,4,5,6].

**Зерттеудің мақсаты:** студенттердің ішкі интеллектуалдық әлеуетін арттырудың педагогикалық шарттарын анықтау, оны эксперименттік сынақтан өткізу.

**Зерттеудің болжамы** (гипотезасы): егер білім мазмұнында студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың тағылымдық және әдіснамалық негізі анықталса, оны жүзеге асырудың педагогикалық шарттары құрылса, заманауи мүддесіне лайықты студенттердің жеке мүмкіндіктері ескерілсе, білім мазмұнына «Студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың әдіснамалық негізі» тақырыбына оқу құралы ұсынылса, онда қоғам

тапсырысына жауап беретін студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың педагогикалық шарттары жүзеге асырылады.

### **Зерттеудің міндеттері:**

- 1) студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетінің тағылымдық-әдіснамалық негізін анықтау;
- 2) студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың парадигмаларын ұлттық код арқылы айқындау;
- 3) студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттыруды эксперименттік сынақтан өткізу.

Анықталған проблемалардың негізінде төмендегідей **қайшылықтарды** анықтадық:

1) Білім мазмұнында тағылымдық нысанның берілмеуі мен студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың педагогикалық шарттарының арасында;

2) Студенттердің заманауи мүддесінің тапсырысы мен студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттыру үдерісінің жеке мүмкіндіктерін ескермеуінің арасында. Сараланған қарама-қайшылықтардан туындаған студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін ғылыми тұрғыда бағдар берерлік зерттеу жұмысының тақырыбын «Студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың педагогикалық шарттары (дене шынықтыру және спорт мамандарына арналған)» деп таңдауға негіз болды.

### **Материалдар мен әдістері**

Бұл мақалада келесі:

- зерттеу тақырыбына қатысы бар ғылыми әдебиеттерді теориялық талдау;
- эмпирикалық әдістер (сауалнамалар, сұрақ-жауап, тест), сондай-ақ эксперимент зерттеу әдістері қолданылды.

### **Нәтижелер және талқылау**

Жоғарыдағы міндеттерді шешу мақсатында, біздер, студенттердің деңгейліктерін анықтап, оның орындалу шарттарын ұсынуды жөн көрдік.

**Креативтік деңгейі.** Студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетінің тағылымдық-әдіснамалық негізін анықтау олардың деңгейліктері креативтік тұрғыда іске асырылады. Креативтік деңгейдің басқа деңгейлерден айырмашылығы студенттердің мемлекеттік стандартпен берілетін білім мазмұнындағы ғылыми-тағылымдық негізден мүлдем басқа тұжырымдардың, дәйектемелердің келтірілуі. Нәтижесінде, студенттердің стандарттан тыс ойлау өнерінің индикаторы.

**Шығармашылық деңгейі.** Студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуеті ұсынылған білім мазмұнының ауқымында жинақталады. Оқулық

пен бағдарлама көлеміндегі біліктілікті өте жоғары деңгейде өздігінен интерпретация жасай алады. Нәтижесінде, шығармашылық деңгейде студенттер мемлекеттік стандарттан артық ойлау өнері байқалмайды.

**Проблеманы зерттеушілік деңгейі.** Студенттердің саралаған проблемалары олардың ғылыми тұрғыдағы зерттеу қабілетінің ұдайы дамып отыруымен қадағаланады.

**Эвристикалық деңгейі.** Бұл деңгейде студенттер ұсақ проблемалар қарастырылып, алгоритмдік ретпен ғылыми-тағылымдық ізденістік қабілеті ұштала түсуі бағамдалады.

Зерттеу жұмысының төртінші міндетіне сәйкес С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті және Б. Ахметов атындағы Павлодар педагогикалық колледжінде 2017–2021 жылдары аралығында үш кезендік сынақ тәжірибе жұмысы жүргізілді. Тәжірибелік жұмыс анықтау, қалыптастыру, бақылау кезендері бойынша ұйымдастырылды. Тәжірибеге «дене шынықтыру» мамандығының студенттері қатысты. Бақылау тобына 105 студент, эксперимент тобына 111 студент қатысты. Барлығы 216 студент.

Студенттерді ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың әдіснамалық негізі тағылымдық және тәжірибелік жұмыстың нәтижелері үш кезең бойынша жүйеленді.

Бірінші кезеңдегі анықтаушы экспериментте біз жүргізген диагностика бойынша студенттердің жалпы ішкі интеллектуалды әлеует туралы білімдері, түсініктері, оларды қажет кезде пайдалана білу дағдылары тексерілді. Сауалнама, сұрақ-жауап арқылы тексерілді. Нәтижесінде алынған мәліметтері негізінде студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттыру жайлы ғылыми-тағылымдық негіздегі білімдерінің жалпылығы анықталды.

Бірақ ішкі интеллектуалды әлеуетінің әлі де болсын тәнге қатысты мән беру басымдықта келіп, жан мен рух жайлы деңгейлерінде қарама-қайшылық бар екендігі көрінеді. Зерттеу әдістерінің көмегімен үш компонент бойынша (танымдық, аффектілік, мінез-құлықтық) оқу-тәрбие беру үдерісінде студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың ұлттық код негізінде онтология, гносеология, аксиология тұғыры анықталып, нәтижесінде аталған ұғымдар қолданымда жоқ екені бағамдалды.

Сонымен қатар олардың жалпы интеллектінің ғылымилығы аз пайдаланатыны байқалды.

Біздің көрсеткіштерді айқындайтын эвристикалық деңгейдегі студенттер ұсақ ізденістен оның басымдығы мен маңыздылығын түсіну төмен көрсеткішін берді.

Студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттыруды диагностикалау үшін тестінің нәтижесіне келсек, студенттердің жауаптары бойынша көпшілігінде төмен деңгейді көрсетті. Себебі жауаптар бойынша аз (3–5) ұпай жинағандар көп болды. Анықтау экспериментінің нәтижесі 1-кестеде көрсетілген.

Кесте 1 – Анықтау экспериментінің көрсеткіші (% есебімен)

Компоненттер	Эксперименттік топ			Бақылау тобы		
	Эвристикалық (жоғары)	Эмпирикалық (орташа)	Репродуктивтік (төмен)	Креативтік (жоғары)	Шығармашылық (орташа)	Зерттеуізденістік (төмен)
Танымдық	8,7	44,4	46,9	8,5	44,9	46,6
Аффектілік	19,2	40,9	39,9	18,2	37,4	44,4
Мінез-құлықтық	8,4	30,3	61,3	8,2	33,5	8,3
Орта көрсеткіштері	12,1	38,5	49,4	11,6	38,6	49,8

Анықтау экспериментінің көрсеткіші бойынша «Студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың педагогикалық шарттары» оқулығын жасау қажеттігін талап етеді деп түсіндік.

Сондықтан тәжірибелік-педагогикалық жұмыстың екінші кезеңінде:

- 1) студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетінің тағылымдық-әдіснамалық негізін анықтау;
- 2) студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың қағидаларын құру міндеттерін оқу-тәрбие процесіне енгіздік.


Эксперимент шеңберінде жұмыс бағдарламасы арқылы өздік жұмыс уақытында ұйымдастырылды. Бағдарламаны студенттер басшылыққа алды. Эксперименттік топтарда 18 сағатқа жоспарланған, 4 модульдер құралған «Дене шынықтыру және спорт бойынша оқыту әдістемесі» пәні жүргізілген болатын. Бұл студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың педагогикалық шарттарын жүзеге асыруда үлкен мүмкіндік берді.

Диагностика бақылау кезеңінде студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың біршама артқанын байқатты.

Нәтижесінде, эксперимент тобы студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттыруды білімденудің бақылау тобына қарағанда жоғары екендігін байқатып, олардың эвристикалықтан проблемалық зерттеулікке, проблемалық зерттеуліктен шығармашылыққа, шығармашылықтан креативтікке өту траекториясы жоғарыдағы және келесі ұсынылған суреттерде нәтижесі қорытылды (2-кесте, 1-сурет).

Кесте 2 – Бақылау кезеңі экспериментінің нәтижелері (% -бен)

Компоненттер	Эксперименттік топ			Бақылау тобы		
	Эвристикалық (жоғары)	Эмпирикалық (орташа)	Репродуктивтік (төмен)	Креативтік (жоғары)	Шығармашылық (орташа)	Зерттеуізіленістік (төмен)
Танымдық	27	70,9	8,1	4,4	50,6	41
Аффектілік	39,3	64,6	12,1	12,1	39,6	42,6
Мінез-құлықтық	26,4	45,7	31,9	31,9	39,8	55,5
Орта көрсеткіштері	30,9	57	17,4	17,4	43,3	46,4



Сурет 1 – Студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың көрсеткіш деңгейлері

Бақылау экспериментінің көрсеткіштерін талдау мақсатында жалпы дидактикалық, ақпараттық, сабақтастық, жүйелілік, ғылымилық, бірізділік, функционалдық-сауаттылық қағидаларын пайдалану арқылы студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың әдіснамалық негізінің деңгейін салыстырмалы түрде бергенді жөн көрдік (3-кесте, 2-сурет).

Пирсонның сызықтық корреляция формуласы бойынша есептелген корреляция коэффициентінің көрсеткіші 0,96-ке тең болғандығы эксперименттік жұмысымыздың нәтижелігін көрсетеді.

Сонымен, өткізілген тәжірибелік педагогикалық жұмыстардың нәтижелері:


1) студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың парадигмаларын ұлттық код арқылы айқындалды;



2) студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттыруы эксперименттік сынақтан өткізілді.

Кесте 3 – Студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың әдіснамалық негізі деңгейінің салыстырмалы нәтижелері (% есебімен)

Кезең	Эксперименттік топ			Бақылау тобы		
	Эвристикалық (жоғары)	Эмпирикалық (орташа)	Репродуктивтік (төмен)	Креативтік (жоғары)	Шығармашылық (орташа)	Зерттеу-ізденістік (төмен)
1-ші кесінді	14,1	40,5	51,4	12,6	14,4	15,9
2-ші кесінді	17,8	42,1	45,1	40,6	42,7	42,4
3-ші кесінді	31,2	57,4	17,4	51,8	48,9	46,7



Сурет 2 – Студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың әдіснамалық негізі деңгейінің динамикасы

### Қорытынды

Студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың әдіснамалық негізі дегенде біздер аталған нысананы зерттеген (дене шынықтыру пәнінен) жұмыстар жоқтың екенін байқадық. Мақаламыздың басында бұл мәселенің кейбір тұстарына қатысты еңбектерді талдау барысында дене шынықтыру мүлдем қарастырылмаған. Тақырып таңдауда дене шынықтыру пәніне ойдағыдай көңіл бөлінбей, барлық студенттерге бірдей білім, ғылыми негіздегі ұстаным ұсынылғандықтан, жеке мүмкіндіктер ескерілмегені біздердің таңдаған тақырыбымыздың өткір көкейді тесетіндей

мәселе екені байқалды. Жеке мүмкіндік тек «стохастикалық парадигмамен» анықталатынын ескеріп, үш (эмпирикалық, алгоритмдік, стохастикалық) парадигманың сабақтастығын тұтас алуды дұрыс деп таптық [7].

Студенттердің ішікі интеллектуалды әлеуетін арттыруда «онтология», студент өзінің табиғатын зерделеп, өзінің болмысына дене шынықтыру пәні, қандай пайда әкелетіні тұрғысынан көмек беретінін бағамдай алуына бағдарлайды.

Гносеология студенттердің дене шынықтыру сабағында тағылымдық-кисындық нысаналардың іс-әрекетте қандай құбылысқа, көрініске, үдеріске қатысты дегенге жауап беріп, олардың тағылымды тани алатын дәрежеге жете алатынын аңғартады [8].

Аксиология студенттердің ішікі интеллектуалды әлеуеттерін арттыруда құндылықтар түрлерін ажыратып, өзіне не қажет екенін саралай алу іскерлігін, тәнін билейтін жан азығы білім мен ғылым негізіне жүгініп, жаттығу түрлерін таңдай алу тұжымын орнықтырады [9].

Сонымен қатар, біздің зерттеуіміздің міндеттері анықталып, айқындалды. Студенттердің (дене шынықтыру және спорт мамандарына қатысты) ішікі интеллектуалды әлеуетін арттырудың педагогикалық шарттары мен анықталған эксперименттің нәтижелері ұсынылды.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Послание Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана [Текст]. 1 сентября 2020 г.

2 **Баш, Л. М., Боброва, А. В. и др.** Современный словарь иностранных слов : толкование, словоупотребление, словообразование, этимология. 4-е изд., [Текст]. – М. : Цитадель-трейд, Рипол классик, 2003. – 960 с.

3 **Брунер, Д. С.** Психология познания. За пределами непосредственной информации. – М. : Директ-Медиа, 2008. – 782 с.

4 **Бажанов, В. А.** Социум и мозг : биокультурный со-конструктивизм // Вопросы философии. 2018. № 2. – 77–87 с.

5 **Давыдов, В. В.** Проблемы развивающего обучения : Опыт теоретического и экспериментального психологического исследования. – М. : Педагогика, 1986. – 240 с.

6 **Пиже, Ж.** Психология интеллекта. – СПб., 2003. – 192 с.

7 **Жуматаева, Е.** Білімденудің инновациялық технологияларын интеллектуалды ұлт құрау үдерісінде тиімді қолданудың мүмкіндігі : монография [Текст]. – Павлодар : Кереку, 2014. – 152 б.

8 **Швырёв, В. С.** Гносеология / Гуманитарный портал : [Электронный ресурс] // Центр гуманитарных технологий, 2002–2021.

9 **Шохин, В. К.** / Аксиология // Новая философская энциклопедия : в 4 т. / пред. науч.-ред. совета В. С. Стёпин. – 2-е изд., испр. и доп. – М. : Мысль, 2010. – 2816 с.

10 **Павлов, И. П.** Общие типы высшей нервной деятельности животных и человека [Текст]. – М. : Директ-Медиа, 2008. – 50 с.

## REFERENCES

1 Poslanie Glavy` gosudarstva Kasym-Zhomarta Tokaeva narodu Kazakhstana 1 sentyabrya 2020 g. [Text].

2 **Bash, L.M., Bobrova, A.V. i dr.** Sovremenny slovar inostrannykh slov : tolkovanie, slovoupotreblenie, slovoobrazovanie, etimologiya [Modern dictionary of foreign words : interpretation, word usage, word formation, etymology] [Text]. 4-е изд., – Moscow : Czitadel`-trejd, Ripol klassik, 2003. – 960 p.

3 **Bruner, D. S.** Psikhologiya poznaniya. Za predelami neposredstvennoy informaczii [Psychology of cognition. Beyond the immediate information]. – Moskva : Direct-Media, 2008. – 782 p.

4 **Bazhanov, V. A.** Socziwm i mozg : biokulturny so-konstruktivizm // Voprosy filosofii. [Society and the brain : Biocultural co-constructivism // Questions of philosophy]. – 2018. № 2. – 77–87 p.

5 **Davydov, V. V.** Problemy razvivayushhego obucheniya: Opyt teoreticheskogo i eksperimentalnogo psikhologicheskogo issledovaniya [Problems of developmental learning : The experience of theoretical and experimental psychological research]. – Moscow : Pedagogika, 1986. – 240 p.

6 **Piazhe, Zh.** Psikhologiya intellekta [Psychology of intelligence]. – SPb., 2003. – 192 p.

7 **Jýmataeva, E.** Bilimdenýdiń inovasiyaq tehnologialaryn intellektýaldy ult quraý úderisinde tiimdi qoldanýdyń múmkindigi : monografiya [The possibility of effective use of innovative educational technologies in the process of forming an intellectual nation : monograph] [Text]. – Pavlodar : Kereký, 2014. – 152 p.

8 **Shvyryov, V. S.** Gnoseologiya / Gumanitarny portal : [Epistemology / Humanitarian Portal] [Elektronicheskoy resurs] // Czentr gumanitarnykh tekhnologii, 2002–2021.

9 **Shokhin, V. K.** / Aksiologiya // Novaya filosofskaya encziklopediya [Axiology // New Philosophical Encyclopedia] : v 4 t. / pred. nauch.-red. soveta V. S. Styopin. – 2-е изд., испр. i dop. – Moscow : Mysl`, 2010. – 281 p.

10 **Pavlov, I. P.** Obshhie tipy vysshej nervnoj deyatel'nosti zhivotnykh i cheloveka [General types of higher nervous activity of animals and humans] [Text].– Moscow : Direct-Media, 2008. – 50 p.

Материал 17.03.22 баспаға түсті.

\*А. Ж. Қуватов<sup>1</sup>, Е. Жуматаева<sup>2</sup>, Е. С. Балтабаев<sup>3</sup>, Т. С. Омаров<sup>4</sup>,  
Е. А. Кистаубаев<sup>5</sup>

<sup>1,2,3,4,5</sup>Торайғыров университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 17.03.22

## **ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ ПОВЫШЕНИЯ ВНУТРЕННЕГО ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОГО ПОТЕНЦИАЛА СТУДЕНТОВ**

*В данной статье рассматривается, что в процессе повышения внутреннего интеллектуального потенциала студентов (применительно к специалистам физической культуры и спорта) уделяется внимание овладению работой центральной нервной системы с учетом индивидуальных возможностей каждого человека.*

*Личностные возможности определяются диагностикой, мотивацией к созданию в процессе освоения формы мыслительной деятельности – «тело-плоть», ученые всесторонне рассмотрели этот вывод и провели исследование феномена – это является приоритетом работы.*

*Обоснована непосредственная причастность к физическому воспитанию ученых к тому, что их способность ориентироваться на более высокий уровень познавательности – подчинена динамике постоянного развития образных и коммуникативных сигнальных приемов, присущих человеку.*

*На уроках физической культуры студенты могут ответить на вопрос о том, к какому явлению, проявлению, процессу относятся эти логико-логические объекты, и получить степень их теоретического познания.*

*В ходе исследования выявлен дефицит исследовательских работ по применению понятий «онтология», «аксиология», «гносеология» в дисциплине физическая культура.*

*Представлены педагогические условия повышения внутреннего интеллектуального потенциала студентов (в отношении специалистов физической культуры и спорта) и результаты выявленного эксперимента.*

*Ключевые слова:* «студент», «внутренний интеллектуальный потенциал», «интеллект», «образование», «национальный код», «плоть», «дух», «душа».

\*A. Kuvatov<sup>1</sup>, E. Zhumataeva<sup>2</sup>, E. Baltabaev<sup>3</sup>, T. Omarov<sup>4</sup>, E. Kistaubaev<sup>5</sup>

<sup>1,2,3,4,5</sup>Toraighyrov University,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Material received on 17.03.22.

## **PEDAGOGICAL CONDITIONS FOR INCREASING THE INTERNAL INTELLECTUAL POTENTIAL OF STUDENTS**

*This article considers that in the process of increasing the internal intellectual potential of students (in relation to specialists in physical culture and sports), attention is paid to mastering the work of the central nervous system, taking into account the individual capabilities of each person.*

*Personal capabilities are determined by diagnostics, motivation to create in the process of mastering the form of mental activity – «body-flesh», scientists have comprehensively considered this conclusion and conducted a study of the phenomenon – this is the priority of the work.*

*The direct involvement of scientists in physical education is substantiated to the fact that their ability to focus on a higher level of cognition is subordinated to the dynamics of the constant development of figurative and communicative signaling techniques inherent in a person.*

*At physical education lessons, students can answer the question of what phenomenon, manifestation, process these logical objects belong to, and get the degree of their theoretical knowledge.*

*The study revealed a shortage of research papers on the application of the concepts of «ontology», «axiology», «epistemology» in the discipline of physical culture.*

*The pedagogical conditions for increasing the internal intellectual potential of students (in relation to physical culture and sports specialists) and the results of the identified experiment are presented.*

*Keywords:* «student», «inner intellectual potential», «intelligence», «education», «national code», «flesh», «spirit», «soul».

Теруге 17.03.2022 ж. жіберілді. Басуға 31.03.2022 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

6,83 Мб RAM

Шартты баспа табағы 28,7.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исакова

Корректоры: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3882

Сдано в набор 17.03.2022 г. Подписано в печать 31.03.2020 г.

Электронное издание

6,83 Мб RAM

Усл.п.л. 28,7. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исакова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3882

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

<https://vestnik-pedagogic.tou.edu.kz/>